



# ИСЛАНДИЯ




Орындаған: Жакен Мадина  
Тексерген:



Елтаңбасы

Туы



# Жалпы сипаттамасы:

Елдің ресми атауы: Исландия (*Ísland*)

Астанасы: Рейкьявик

Жалпы жер аумағы: 103,125 км<sup>2</sup> (Д/Ж бойынша 105 орында)

Елдің тығыздығы: 1 шаршы км-ге 3,08 адам

Елдің басқару формасы: Парламенттік республика

Президент: Олафур Рагнар Гримссон

Премьер-министр: Йоханна Сигурдардоттир

Ресми тілі: Исландиялық (де-факто)

Валютасы: Исланд кронасы (ISK)

Интернет-домені: .is

Телефон коды: +354

Сағаттық белдеу: +0




**Исландия** (Исландия Республикасы) — Еуропада орналасқан аралды ел. Гренландия аралының шығысында және Норвегия мен Норвег теңізінің батысында жайғасқан. Елордасы Рейкиявик аралдың оңтүстік-батысында орналасады.





# Елдің картада орналасқан жері



Солтүстік Америка мен Еуропа арасындағы ұлы мұхитта орналасқан аралдық қос елдің бірі — Исландия геологиялық тұрғыдан алғанда әлемдегі ең жас елдердің бірі. Ғалымдардың пікірінше, Исландия Жер тарихының төрттік дәуірінде су асты (Атлант мұхиты) жанартауларының атқылауынан пайда болып, жаһандық мұз басу кезеңінде қатып, аралға айналған мемлекет.





# Тарихы

Исландия геологиялық тұрғыдан алғанда өте жас елдердің бірі. Алайда өзге еуропалық мемлекеттер секілді тәуелсіздікке ерте қол жеткізген. Тарихтан Исландияның 1387—1390 жж. Данияға бағынышты болғаны белгілі.



Халқы: 317 630 адам (2010)





# Өсімдіктер дүниесі

Ел жерінің  $\frac{1}{4}$  ғана өсімдік жамылғысы жауып жатыр. Оның өзінің үлкен бөлігін мүк пен аласа шөптер алады. Ал ағашты өсімдіктер мекеннің 1 % ғана иеленеді. Рас, жауын-шашынның молдығы өсімдік өсуіне басқалай әсер етуі қажет. Яғни былайғы жұрт Исландияны жасыл алқапты, шыңғылды ел деп ойлауы мүмкін. Бірақ мұз жамылғылары мен асқан ылғалдылық, кей мекеннің батпақты не құнарсыз топырақты болып келуі — Исландияның өсімдік жамылғысының тым жұқалығына септігін тиігізіп отыр.





# Жануарлар дүниесі

Елдің фаунасы да өте бай емес. Мекеннің ең тұрғылықты жануары — ақ түлкі (песец) саналады. Ал 18 ғ. бері Исландияға жерсіндірілген тышқанның бірнеше түрі мен 80-ге жуықтайтын құстар түрі, солтүстік бұғы-маралдар аймақтың жаңа тұрғындары іспеттес. Бірақ бұлардың бәрі де елдермен салыстырғанда азшылықты құрайды. Тек қана Исландияның мұхит жағалауында балықтар түрлері ғана көп. Исландия теңіз жануарларына кенде емес. Тіпті жағалауда итбалықтың екі бірдей түрі мен киттердің бірнеше түрі мекен етеді.









1	Хёвюдборгарсвайдид	Höfuðborgarsvæðið	Рейкьявик (исл. Reykjavík)
2	Судурнэс	Suðurnes	Кефлавик (исл. Keflavík)
3	Вестурланд	Vesturland	Боргарнес (исл. Borgarnes)
4	Вестфирдир	Vestfirðir	Исафьордюр (исл. Isafjörður)
5	Нордюрланд-Вестра	Norðurland Vestra	Сёйдауркроукюр (исл. Sauðárkrókur)
6	Нордюрланд-Эйстра	Norðurland Eystra	Акюрейри (исл. Akureyri)
7	Эйстюрланд	Austurland	Эгильсстадир (исл. Egilsstaðir)
8	Сюдюрланд	Suðurland	Сельфосс (исл. Selfoss)



## Әкімшілік аумағы

# Ірі қалалары

Астанасы — Рейкьявик (180.000 адам), Коупавогюр (33 045 адам), Хабнарфьордюр (28 085 адам), Акюрейри (17 770 адам), Хусавик, Сейдисфьордюр, Акранес.  
Порттары: Рейкьявик, Акюрейри, Грундарфьордур, Хабнарфьёрдюр.



Рейкьявик



Ковпавогюр





**Хабнарфьордюр**

# Акюрейри





# Хусавик





# Сейдисфьордюр



# Акранес



[www.tur-174.ru](http://www.tur-174.ru)



# Ахуалы

Исландия өзінің аралдық көршісі — Британ аралдары секілді жауын-шашынның көптігімен ерекшеленеді. Дегенмен аралдың атауы мен мұздықтардың көптігін алға салып, Исландияны арктикалық ел екен деп ойласақ, үлкен қатеге ұрынамыз. Өйткені Солтүстік-Атлант ағысы (Голфстрим) әкелетін жылы желдер лебі Исландияның ауа райын бірқалыпты етіп отырады. Бұл аймақта қаңтардың орташа температурасы бар болғаны  $-1\text{ }^{\circ}\text{C}$  болса, шілденің орташа температурасы  $+11\text{ }^{\circ}\text{C}$ . Басқаша айтқанда, елдің жазы аптап емес те, қысы табан тоңдырмастай. Қоңыржай климаттың туристер үшін жайлылығы басым болғанымен, ауыл шаруашылығы үшін аяқтан шалатын жайт екені рас. Осыдан да келіп, Исландия ауыл шаруашылығы дамуы жөнінен артта қалған елдер санатына жатқызылады.



# Саясаты

Исландия — республикалық мемлекет. Конституциясы 1944 ж. қабылданған. Ел басшысы — президент әр төрт жыл сайын бүкілхалықтық ашық және жабық сайлау нәтижесінде сайланып отырады. Дегенмен президенттің уысына атқарушы билік түгелдей беріле қоймаған. Заң бойынша атқарушы билік үкімет пен оның басшысы — Премьер-министрдің қолында.

Парламент (жергілікті тілде *алтинг* аталады) депутаттары да (жалпы саны — 63) бүкілхалықтық сайлау нәтижесінде 4 жылға сайланады.

Ал елдегі ең екпінді партия — «Тәуелсіздік партиясы». 2003 ж. соңғы алтинг депутаттары сайлауында аталмыш партия атынан «бәйгеге» түскен үміткерлер 22 орынды (33,7 %) жеңіп алған болатын. Исландиядағы өзге партиялар қатарында Прогрессивтік партия және социалистік-демократиялық альянс бар



*Рейкьявиктағы  
парламент ғимараты*





## Ауыл шаруашылығы

Ел халқының 5% ғана ауыл шаруашылығы саласында қызмет етеді. Республикадағы жалпы ауыл шаруашылығы фермаларының саны 6 мыңды құраса, оның 80% — жеке қожалықтар. Исландияның мал шаруашылығындағы негізгі нысанасы — қой шаруашылығы. Оның басты себебі: қой еті — Исландиядағы негізгі ет тағамы болып саналады.



## Экономикасы

Исландия экономикасы соңғы жылдары ауытқымалы күй кешті.

Айталық 1996-2001 жылдар аралығында елдің жылдық экономикалық өсімі 3—5 % құраса, 2002 ж. бұл сан күрт төмендеп, 0,2 % әрең ілікті. Ал ІЖӨ 0,6 % аспай қалды. Алайда араға жыл салып, яғни 2003 ж. экономикалық өсім қайта көтеріліп, елдегі инфляция 5 %-дан 2 %-ға дейін қысқарды. Исландия озық елдер тізбегінде 2005 ж. 16 орында тұрса, 2006 ж. мәлімет бойынша оның тағы екі саты жоғарылағаны анықталды. Осы өрлеу нәтижесінде ғана Исландия алып алтылық қатарынан табылды



# Сауда

Сондай-ақ, сыртқы саудада балық өнімінен кейінгі орынды жерасты пайдалы қазбалары алады. Оның ішінде Исландия сыртқа алюминий, диатомит, феррокремнийшығарумен шұғылданады.

Негізгі сыртқы саудада байланыс құратын елдер: Алмания — 18 %, Құрама патшалық — 17,5 %, Нидерланд — 11 %, АҚШ — 11 %, Испания — 5 %, Дания — 5 %, Португалия — 4 %, Норвегия — 4 %.

Ал импорт жөніне тоқталғанда, Исландия мұнай өнімдері мен азық-түлік, машиналар тасымалдайды. Импорт байланысын жүргізетін елдер мен оның пайыздары төмендегідей: АҚШ — 11 %, Алмания — 11 %, Дания — 8,5 %, Норвегия — 8,5 %, Құрама патшалық — 7,5 %, Нидерланд — 6 %, Ісүіш — 6 %.



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!!!**

